




БЕКІТЕМІН
«ОЖМА» АҚ Ректоры
М. Рысбеков
11 2022 ж.

Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі

Е 044/433-2022


Күні	Көшірме	Басылым
		Үшінші

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы		Е 044/433-2022
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі		Бас. №3 17 беттің 2-ші беті.

1.«ОҚМА» АҚ Оқу-әдістемелік орталығы ӘЗІРЛЕП, ЕНГІЗДІ
 Хаттама № 2 « 23 » 09 2022ж.


2.«ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен КЕЛІСІЛДІ
 Хаттама № 2 « 07 » 11 2022ж.

Кезеңдік тексерудің мерзімі – 3 жыл

OÑTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 044/433-2022
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі	Бас. №3 17 беттің 3-ші беті.

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар	4
3	Рәсімнің сипаттамасы	6
4	БӨЖ ұйымдастыру ерекшеліктері	8
5	БӨЖ орындауға қойылатын талаптар	9
6	БӨЖ ұсыну түрлері	9
7	БӨЖ-ді орындалуын бақылау	12
8	Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын жоспарлау	13
9	Оқытушымен білім алушылардың өзіндік жұмысы	13
10	Библиография	16

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 044/433-2022
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі	Бас. №3 17 беттің 4-ші беті.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. "ОҚМА" АҚ білім алушылары мен тыңдаушыларының өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы осы Ереже "Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі-"ОҚМА" АҚ) сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) ішкі нормативтік құжаты болып табылады және құжаттарды дайындау тәртібі мен талаптарын анықтау мақсатында әзірленді.

1.2. Осы ереже бойынша барлық жұмыстарды оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор бақылайды. Ереже талаптарын жұмыс жағдайында сақтау үшін оқу-әдістемелік орталық (бұдан әрі – ОӘО) жауапты болады.

1.3. Ережені міндетті түрде құжаттандыруды өткізу үдерісіне қатысатын барлық «ОҚМА» АҚ қызметкерлері орындауға міндетті.

1.4. Осы құжат «ОҚМА» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджменті жүйесіне тексеру жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларын қоспағанда, басқа Тараптарға, сондай-ақ "ОҚМА" АҚ бірінші басшысының рұқсатымен серіктестігушілерге (олардың талап етуі бойынша) ұсынылмайды.


ISO 9000:2015	Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.
ISO 9001:2015	Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.
СБ 044/001-2022	Сапа менеджмент жүйесінің басшылығы.
СТ 044/003-2021	Ұйымдастыру құжаттарын басқару.
СТ 044/004-2022	Қызметтік құжаттарды басқару.
СТ 044/007-2022	Жазбаларды басқару.
СТ 044/009-2021	Жақсартуды жоспарлау.
СТ 044/010-2021	Басшылық тарапынан талдау.
СТ 044/020-2021	Ішкі аудит.
СТ 044/021-2021	Сәйкессіздіктерді басқару, түзетуші әрекеттер.

2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады:

«ОҚМА» АҚ	-«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы.
МЖБС	- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.
ҚРБЖҒМ	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 044/433-2022
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі	Бас. №3 17 беттің 5-ші беті.

ҚР ДСМ	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі.
ҚР СТ	- Қазақстан Республикасының стандарты.
ӘК	- Әдістемелік кеңес.
ОӨО	- оқу-әдістемелік орталық.
БӨЖ	- білім алушылардың өзіндік жұмысы.
ОБӨЖ	- оқытушымен білім алушының өзіндік жұмысы.
БОЗЖ	- Білім алушылардың оқу-зерттеу жұмысы.
БҒЗЖ	- Білім алушылардың ғылыми - зерттеу жұмысы.
ЖЖР	- Жалпы жіберу рейтингі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 044/433-2022
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі	Бас. №3 17 беттің 6-ші беті.

3. РӘСІМНІҢ СИПАТТАМАСЫ

3.1. Кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім алушының белгілі бір тақырыптар тізімі бойынша орындалатын (оның ішінде өз бетінше оқуға бөлінген), оқу-әдістемелік әдебиеттермен және тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар және басқа да есептері түрінде бақыланатын ұсынымдармен қамтамасыз етілген өзіндік жұмыстарының көлемі артады.

3.2. Білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ) -оқу – әдістемелік әдебиетпен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, білім алушылардың санатына байланысты, өз бетінше оқуға бөлінген тақырыптар тізбесі бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысына бөлінеді (бұдан әрі-БӨЖ);

Білім алушының жазба жұмыстарының барлық түрлері плагиатқа тексеріледі.

Білім алушылардың өзіндік жұмысының (БӨЖ) барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты орындауын талап ететін тапсырмалармен расталады. БӨЖ көлеміне аралық аттестаттауды дайындау және өткізу кіреді.

3.3. Өзіндік жұмыс екі түрге бөлінеді – оқытушымен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ) және білім алушының өз бетінше толық орындайтын жұмысы (БӨЖ).

3.4. Білім алушылардың өзіндік жұмысы - білім алушылардың осы үдеріске оқытушының тікелей қатысуынсыз оған жаңа білім мен іскерлікті белсенді, мақсатты түрде игерудің тәсілі. Білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытуды, олардың шығармашылық белсенділігі мен бастамаларын тәрбиелеуді қамтамасыз ететін, сондай-ақ жалпы білім алушылардың өзіндік жұмысының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін іс-шараларды ұйымдастыру мынадай алғы шарттарға негізделуі тиіс:

- өзіндік жұмыс өзінің пәндік бағыты бойынша нақты болуы керек;
- өзіндік жұмыс оның нәтижелерін тиімді, үздіксіз бақылау және бағалаумен қатар жүруі керек.

Білім алушылардың өздік жұмыстарының пәні мен мазмұны мемлекеттік білім стандартымен, ағымдық білім беру бағдарламаларының ағымдағы оқу жоспарларымен, пәндердің типтік және модульдік оқу жоспарымен, негізгі әдебиеттердің: оқулықтармен, оқу құралдарымен және әдістемелік құралдармен және қосымша әдебиеттермен анықталады.

Өзіндік жұмысты бақылау және оның нәтижелерін бағалау екі үлгінің бірлігі ретінде ұйымдастырылады:

- білім алушының өзін-өзі бақылауы және өзін-өзі бағалауы;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 044/433-2022
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі	Бас. №3 17 беттің 7-ші беті.

- оқытушылар, мемлекеттік емтихан және аттестаттау комиссияларының тарапынан бақылауы мен бағалауы және т. б.

БӨЖ мазмұны міндетті түрде модульдік оқу бағдарламасында және БӨЖ өткізу бойынша әдістемелік нұсқауларда көрсетіледі.

3.5. Өзіндік жұмысты жүзеге асыру үшін алғышарттар мен жағдайлар жасайтын іс-шараларға әр білім алушының қамтамасыз етілуін қарастыру керек:

- ақпараттық ресурстармен (анықтамалар, оқу құралдары, жеке тапсырмалар бланктері, оқыту бағдарламалары, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету пакеттері және т. б.);
- әдістемелік материалдарымен (нұсқаулар, жетекшілік, практикумдар, жұмыс дәптері және т. б.);
- бақылау материалдарымен (тесттер, ситуациялық есептер);
- материалдық ресурстармен (зертханалық, өлшеу жабдықтары және т. б.);
- уақытша ресурстармен;
- кеңестермен;
- білім алушының өз бетінше алған теориялық және/немесе практикалық нәтижелерін талқылауды жариялау мүмкіндігі (конференциялар, олимпиадалар, конкурстар).

3.6. Оқытушының жетекшілігімен білім алушылардың өзіндік жұмысы – ЖОО немесе оқытушының өзі белгілейтін жеке кесте бойынша орындалатын жұмысы, білім алушылардың санатына қарай оқытушының жетекшілігімен студенттердің өзіндік жұмысына (бұдан әрі –ОБСӨЖ) бөлінеді.

3.7. БӨЖ оқу сабақтарының жалпы кестесіне кірмейтін, жеке кесте бойынша оқытушымен байланыста орындалатын студенттердің сабақтан тыс жұмыс түрі. Өзіндік жұмыстың жалпы көлеміндегі Өздік жұмыстың жалпы көлеміндегі ОБӨЖ және БӨЖ арасындағы қатынасты ЖОО жеке анықтайды.

«ОҚМА» АҚ-да өздік жұмыстың жалпы көлеміндегі ОБӨЖ пен БӨЖ арасындағы қатынас 30 % және 70 % құрайды.

ОБӨЖ кезінде оқу жоспарының, үй тапсырмаларының, курстық жобалардың (жұмыстардың), семестрлік жұмысты бақылаудың, туындаған мәселелер бойынша БӨЖ есептерінің және басқа да тапсырмалар түрлерінің, аралық бақылаудың күрделі мәселелері бойынша кестеге сәйкес консультациялар өткізіледі.

Кредиттік оқыту технологиясының міндеті - білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі білім алу қабілетін дамытудан тұрады.

Осыған сәйкес оқытушы мен білім алушылардың келесі типтік жұмыс циклдері жүзеге асырылады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 044/433-2022
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі	Бас. №3 17 беттің 8-ші беті.

3.8. Оқытушымен білім алушылардың жұмысы типтік бір циклі келесі үш негізгі функцияны қамтиды.

Оқытушының бірінші функциясы – маңызды (тақырыпқа кіріспе, мақсат, міндет қою, практикалық пайдалылығын, материал мазмұнының негізгі бөлімдерінің мәні мен байланысын сипаттау, оқу құралдарымен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар және т.б.). Бұл білім алушылардың әрі қарайғы өзіндік жұмысы үшін жеткілікті болуы керек.

Оқытушының екінші функциясы – кеңес беру-түзету. Ол білім алушылардың жеке жұмысында оқу іс-қимылдарын іске асыруда, жеке консультациялар өткізуде және тиісті түзету іс-қимылдарын жүзеге асыруда консультативтік көмек көрсетуден тұрады. Бұл функцияны білім беру үдерісінде тьюторлар орындайды.

Оқытушының үшінші функциясы – бақылау-бағалау. Ол әртүрлі үлгіде (жазбаша немесе ауызша емтихан, тестілеу және т.б.) білім алушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын бағалауды, олардың негізгі қиындықтарын анықтау үшін диалогты ұйымдастыруды, оқытушының «дұрыс» әрекеттерін, өзара әрекеттесуін, сарапшы немесе бақылаушы лауазымындағы жұмыстың анықтамалық әдістерін көрсету.

3.9. Оқытушымен білім алушылардың өзіндік жұмысының (ОБӨЖ) типтік бірлік циклі келесі төрт негізгі функцияны қамтиды.

Біріншісі функция - білім алушылардың оқу пәні бойынша белгіленген сабақтар кезеңінде алған оқытушының ақпаратын белсенді қабылдауын іске асыруды көздейді.

Екінші функция- оқытушының ұсынымдары негізінде оқып-үйренуге, оқу-әдістемелік құралдарын, әдебиет дереккөздерін меңгеруді, үй тапсырмаларын, бақылау және курстық және т.б. жұмыстарды орындау. Бұл кезеңде білім алушылардан жұмыстың әдіс-тәсілдерін білу, қиындықтарын түзету, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі реттеу талап етіледі.

Білім алушылардың үшінші функциясы өзінің қиын жағдайларын талдау мен жүйелендіруден, олардың оқу материалдарын түсінудегі және меңгерудегі қиындықтардың себептерін анықтаудан, басқа да оқу іс-қимылдарын орындаудан тұрады. Білім алушылардың шешілмейтін қиындықтарды оқытушыға арналған сұрақтар жүйесіне аударады (оларды ретке келтіреді, реттейді, ресімдейді), осы сұрақтарға жауаптардың жеке нұсқаларын жасайды.

Білім алушылардың төртінші қызметі оқытушыға тиісті түсіндірмелерге, кеңестерге жүгінуден тұрады.

4. БӨЖ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 044/433-2022	
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі	Бас. №3 17 беттің 9-ші беті.	

4.1. «ОҚМА» АҚ жүзеге асырылатын жатқан әр түрлі оқу әдістерін жеке білім беру бағдарламалары бойынша қолданыстағы оқу жоспарлары шеңберінде білім алушылардың өзіндік жұмысы оқу жоспарына енгізілген әрбір оқу пәні бойынша өзіндік жұмысты қамтиды. Әр оқу пәні бойынша өзіндік жұмыс көлемі (сағатпен) оқу жоспарымен және бағдарламамен анықталған. БӨЖ Саны оқу пәні кредиттерінің санымен, 1 кредит - 1 БӨЖ-мен анықталады.

4.2. Өзіндік жұмыс барысында білім алушының мүмкіндіктері:

- оқытылатын пән бойынша теориялық материалды меңгеру (БӨЖ тақырыптары, тақырыптардың жеке сұрақтары, жеке ережелер және т. б.);

- қажетті құралдарды практикалық түрде қолдана отырып, теориялық материал бойынша білімдерін бекіту (ситуациялық есептерді шешу, бақылау жұмыстарын орындау, өзін-өзі тексеруге арналған тесттер);

- жағдайды талдау және дұрыс шешім әзірлеу үшін алынған білімдері мен практикалық дағдылардың қолдану (топтық пікірталасқа дайындық, іскерлік ойын шеңберінде дайындалған жұмыс, "кейс стадия", нақты жағдайды жазбаша талдау, жобаларды әзірлеу және т. б.);

- алған білімдері мен дағдыларын өз ұстанымын, теориясын, моделін қалыптастыру үшін қолдану (дипломдық жұмыс жазу, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары және т.б.).

4.3. Оқу пәнін оқуға бастаған білім алушы пән/курс бойынша өзіндік жұмыстың барлық түрлері туралы ақпарат алады. Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін және өзіндік жұмыстарының нәтижелерін бекіту бағалаудың рейтингтік жүйесін белсенді қолданған жөн.

5. БӨЖ ОРЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Білім алушылар тапсырмаларды көрсетілген мерзімде және толық көлемде орындауы тиіс. БӨЖ аудиториядан тыс жұмыс ретінде қарастырылады, тексеруді семинарларда, практикалық сабақтарда және ОБӨЖ-де жүзеге асырылуы мүмкін. Тапсырмаларды орындау кезінде қажет:


- тақырыпты өз бетінше оқып, қажет болған жағдайда оқытушыдан кеңес алу;

- білім алушылар міндетті және қосымша әдебиеттерді, статистикалық мәліметтер материалдарын оқып, қажетті стратегиялар мен шешімдерді негіздеу үшін оларды талдай білуі тиіс;

- тапсырмаларға жеке немесе топ болып дайындалады.

6. БӨЖ ҰСЫНУ ТҮРЛЕРІ

6.1. БӨЖ түрлері:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 044/433-2022
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі	Бас. №3 17 беттің 10-ші беті.

- реферат-сыни шолу немесе тақырыптың А4 форматында 10-12 беттен, 14 шрифтпен TNR жазылады. Құрылымы дәстүрлі: титулдық бет, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі. Реферат топта талқылауға ұсынылуы мүмкін;

- баяндама - 3-5 минутқа созылатын тақырыптың негізгі түйіндерінің қысқаша мазмұны;

- конспект - стандартты форматтағы жұмыс дәптерінің 2-4 бетіне негізгі ұғымдарды көрсету арқылы берілген тақырыптың қысқаша сипаттамасы;

- глоссарий - берілген тақырып бойынша түсініктер мен терминдердің сөздігі, кестеге ресімделген.

- кейс - топтық талдау барысында шешімді талап ететін жағдай. Топ 3-4 адамнан тұрады, олар мәселені өз бетінше талқылап, оны шешу жолдарын әзірлейді. Шешімнің нәтижелері жалпы топта қорытынды есепті презентация түрінде ұсынылады;

- есеп - зерттеу барысында алынған нәтижелердің, негізгі проблемалардың және әзірлеу бойынша ұсыныстардың жазбаша және ауызша сипаттамасы;

- презентация - ақпаратты әртүрлі техникалық құралдардың көмегімен де, оларсыз да көрсетудің бір түрі. Әдетте, жаңа идеялар, жобалар, қызметтер және т.б. Ол мәтінді, оған иллюстрацияларды қамтиды және бір графикалық стильде жасалған;

- жоба - жеке немесе топта орындалатын қажетті ақпаратты іздеу, жинау және талдауды қамтитын тақырып бойынша зерттеу;

- диспут - қорытындымен тақырыптың алдын ала дайындалған сұрақтарын талқылау

Кафедра силлабуста оқу деңгейін, оқытылатын пәннің ерекшелігін және бағытын ескере отырып, БӨЖ берудің әртүрлі түрлерін кеңейтеді/толықтырады және сипаттайды.

6.2. БӨЖ материалдарын кафедраның профессор-оқытушылар құрамы әзірлейді және мыналарды қамтиды:

- білім алушының өзіндік жұмысына арналған әдістемелік ұсыныстар;

- пәнді оқудың барлық кезеңіне есептелген ОБӨЖ кестесі;


- пән бойынша білімді, іскерлікті және дағдыларды қорытынды бағалауға арналған бақылау-өлшеу құралдары;

- негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі;

- бақылау түрлері мен нысандары;

- бағалау критерийлері, ұсынылатын жұмыс көлемі және оны ұсыну мерзімі.

6.3. Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін тапсырмалар нақты тұжырымдалуы, оқылатын пәннің тақырыптары бойынша шектелуі және

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 044/433-2022
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі	Бас. №3 17 беттің 11-ші беті.

олардың көлемі оқу бағдарламасында бөлінген сағаттармен анықталуы тиіс. Тапсырмалардың келесі түрлері ұсынылады:


- конспектілеу;
- әдебиеттерді конспектілеу;
- кітаптардың, мақалалардың аннотациясы;
- ғылыми – әдістемелік әдебиеттерді тереңдетіп талдау;
- дәріс конспектісі, ұсынылған әдебиеттермен конспектісін толықтыру;
- бақылау және дипломдық жұмысты жеке БОЗЖ және БҒЗЖ орындау кезінде;
- бақылау жұмысы;
- берілген мәселе бойынша эссе жазу;
- есептеу-графикалық жұмыстарды орындау;
- практика барысында материалдарды бақылау және жинақтау бойынша тапсырмаларды орындау;
- оқытушымен алдын-ала анықталған тақырып бойынша ғылыми жарияланымның аналитикалық талдауы;
- берілген тақырып бойынша статистикалық және фактілік материалдарды талдау, есептеулер, статистикалық материалдар негізінде схемалармен модельдер құрастыру.

6.4. Тапсырма әдетте мыналарды қамтиды:

- мақсатты орнату;
- өзіндік жұмыстың ең аз қажетті мазмұны (БӨЖ бір немесе бірнеше түрлерін анықтаумен);
- орындалған жұмысты ұсыну туралы нұсқау (реферат, есеп, түсіндірме жазба, БҒЗЖ немесе әлеуметтік сұраудың нәтижелері, аурулардың диагностикасы және алдын алу алгоритмдері, тест тапсырмалары, жағдайлық есептер, курстық жобалар /жұмыстар, кестелер және т. б.);
- есеп беру формасы мен уақыты (сабақта есепті қорғау, кафедрада белгіленген уақытта жобаны қорғау, практикалық немесе семинарлық сабақтарға қатысу, кесте бойынша бақылау жұмысын жазу, орындалған тапсырманы оқытушыға тексеруге тапсыру немесе ОБӨЖ сағаты барысында оқытушының тексеруі, семинарға қатысу, ғылыми студенттік конференцияларға қатысу және т. б.);
- тапсырманы орындауды бағалау түрі.

Білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстардың мазмұнына мыналар кіруі мүмкін:

- рефераттар, ғылыми баяндамалар мен хабарламалар жазу бойынша нұсқаулар;
- жобаларды дайындау алгоритмдері;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 044/433-2022
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі	Бас. №3 17 беттің 12-ші беті.

- жазбалар жасау, мақалаларды, бастапқы дереккөздерді және басқа әдебиеттерді қарау бойынша кеңестер;
- сөздіктер (госсарий) құрастыру бойынша ұсыныстар;
- түрлі мәселелерді талдау және шешу бойынша түсініктемелер;
- электрондық оқыту курсымен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар.

7. БӨЖ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ

7.1. Білім алушылардың өзіндік жұмысын бақылау түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге бағытталған жазбаша және ауызша нысанда болуы мүмкін. Бақылаудың жазбаша түрінде білім алушылардың өзіндік жұмысының нәтижелері конспект, реферат, баяндама, бақылау, жазбаша, шығарма, курстық, дипломдық жұмыс, ғылыми мақала, аудио-бейне есеп, презентация және т.б. түрінде рәсімделуі мүмкін. Білім алушылардың жазба жұмыстарының барлық түрлері плагиатқа тексеріледі.


7.2. Ауызша бақылау түрінде білім алушылардың өзіндік жұмысының нәтижелері коллоквиум, конференция, іскерлік ойын, баяндама, презентация, жеке әңгімелесу және т. б. түрінде рәсімделуі мүмкін.

7.3. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының нәтижелерін оқытушы бақылауы тиіс. Бұл нәтижелер оқылатын пән бойынша білім алушыны қорытынды аттестаттау барысында бағалануы және ескерілуі тиіс. Білім алушылардың өзіндік жұмысының нәтижелерін бағалау шкаласын әзірлеу кезінде олардың күрделілік деңгейіне байланысты өз бетінше жұмыс істеу үшін тапсырмаларды саралау қажет. Қолданылатын БӨЖ бақылау түрлері ретінде келесі формалар ұсынылады:

- тестілеу;
- оқытудың модульдік технологиясы негізінде білім алушылардың оқу жұмысының сапасын бағалау жүйесінің сандық эквиваленті бар әріптік жүйеге енгізілген 100 балдық шкала шеңберіндегі бақылау іс-шаралары;
- бақылау жұмыстарын, тапсырмаларды тексеру;
- өз бетінше оқыған тақырып бойынша баяндама;
- веерлі экспресс сауалнама;
- орындалған жоба нәтижелері бойынша есеп (жеке немесе топтық) және т.б.

7.4. БӨЖ бойынша тапсырмалардың есеп беру түрі мен уақыты силлабуста қарастырылған және білім алушының өзіндік жұмыс кестесімен реттеледі. Жұмысты (тапсырманы) ұсыну түрі, орындалған жұмыстардың ең аз қажетті көлемі де силлабуспен белгіленеді.

7.5. БӨЖ-ді тексеру ОБӨЖ сағаттарында жүзеге асырылады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 044/433-2022
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі	Бас. №3 17 беттің 13-ші беті.

8. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУ

Әр пән бойынша БӨЖ үшін уақыт көлемі модульдік оқу бағдарламасы мен силлабуста көрсетіледі. Белгілі бір пәндері бойынша БӨЖ үшін тапсырмаларды оқытушы ОӘК әзірлеу кезінде алдын ала жоспарлайды. Әрбір пән бойынша аудиториялық және жеке сабақтардың жалпы көлемі мен сыйымдылығы, пәндердің модульдік оқу бағдарламалары және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары көрсетілген оқу жоспары БӨЖ жоспарлау үшін бастапқы деректер болып табылады. Қолданыстағы оқу жоспарлары, БӨЖ тапсырмалары негізінде әрбір оқу семестріне оқу процесінің кестесі шеңберінде БӨЖ кестесі құрастырылады. Кестеде әрбір пән үшін аралық бақылау іс-шаралары көрсетіледі. Бақылау іс-шарасының түріне байланысты ол аудиториялық уақыттан тыс (БӨЖ сағаттарында) іске асырылуы мүмкін.

9. ОҚЫТУШЫМЕН БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

Оқытушымен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ) білім алушының оқытушымен байланыста орындалатын аудиториядан тыс жұмыс түрі болып табылады, ол оқу сабақтарының жалпы кестесіне енбейтін жеке кесте бойынша орындалады.

ОБӨЖ жалпы сипаттамасы пәннің силлабусында қамтылған.

ОБӨЖ сабақтың ең тиімді түрі болып табылады.

ОБӨЖ келесі функцияларды қамтиды:

- пән бойынша дәрістер, практикалық, зертханалық, семинарлық сабақтар кезінде білім алушылар алған тьютордың ақпаратын белсенді қабылдау және талдау;

- оқу-әдістемелік құралдармен, оқу құралдарымен, оқулықтармен және басқа да әдеби көздермен өзіндік жұмыс (оқытушының ұсынысы негізінде);

- үй тапсырмасын, ОБӨЖ тапсырмаларын, бақылау, курстық жұмыстарды және т. б. орындау;

- оқу материалын түсіну мен меңгерудегі қиындықтар себептерін анықтау, осы қиындықтарды тьюторға сұрақтар жүйесіне аудару; тиісті түсіндірулерді, кеңестерді қарату;


- БӨЖ тақырыптарын топтық талқылау және қорғау (рефераттар, баяндамалар, презентациялар және т.б.) және орындалған БӨЖ тапсырмалары (кестелер, схемалар, есептер, тест тапсырмаларын құрастыру және т.б).

- аралық бақылауды тапсыру.

Тьютордың негізгі міндеті - білім алушының пәнді оқуға деген ынтасын, білім алуға деген қызығушылығын қалыптастыру болып табылады.

ОБӨЖ тиімділігі сабақтың дұрыс ұйымдастырылуына байланысты, бұл әр түрлі оқыту технологияларын, сабақ өткізудің интерактивті түрлерін қолдануды

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 044/433-2022	
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі	Бас. №3 17 беттің 14-ші беті.	

білдіреді, олардың күрделілігі оқылатын курспен анықталады, пәнді оқуға бөлінген сағат көлемімен, білім алушылардың дайындық деңгейімен анықталады.

Ең тиімдісі ретінде ОБӨЖ ұсынылатын түрлері: сауалнамалар, тренингтер, дискуссиялар, іскерлік ойындар, презентациялар, кейс-стадилер, жеке және топтық жобаларды әзірлеу және т.б. ОБӨЖ-ге тьютор қандай да бір мәселелерді нақтылауға, оларды кеңейтуге, қандай да бір жағдайларды талдау дағдыларын өңдеуге, міндеттерді шешуге және т. б. мүмкіндік беретін материалдарды дайындауы тиіс.

Білім алушылар мен оқытушы ОБӨЖ сабақтарында белсенді болуы тиіс.

Тьютор өткізетін кеңес беру оқытушының басшылығымен білім алушының өзіндік жұмысын ауыстырмайды, себебі оқытушы ОБӨЖ кезінде проблемалық мәселелерді түсіндіруден қатар әдебиеттер бойынша түсініктемелер беру, кестелерді толтыру, схемаларды құрастыру, рефераттар, эссе жазу, тест тапсырмаларын құрастыру және т. б. түрінде қосымша тапсырмалар беруі керек.

ОБӨЖ барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталуы тиіс.

ОБӨЖ-ді жоспарлау 2-3 топқа жүзеге асырылады.

ОБӨЖ сабақтарына қатысу міндетті болып табылады. Білім алушылар ОБӨЖ болмаған жағдайда журналға белгі қойылады. Пән саясаты (силлабус) білім алушылар ОБӨЖ рұқсаттамалары болған жағдайда рұқсат етілетін айыппұл санкциялары жазылады.

ОБӨЖ бір сабағын өткізу 100 балдық шкала бойынша 2 баллмен бағаланады (кредиттердегі пән көлеміне қарамастан):

Есептеу келесідей жүргізіледі:

Білім алушылардың білімін бағалау 100 балдық шкала бойынша, цифрлық баламасы бар әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады, оған сәйкес 60 % ағымдағы бақылауды, 40 %-қорытынды бақылауды құрайды.

Егер аудиториялық жұмыстың (дәрістер, практикалық сабақтар, Зертханалық сабақтар, семинарлар) және БӨЖ, БӨЖ арақатынасы 1:2 болса, онда ОБӨЖ бағасы ағымдағы бақылауды бағалаудың 12% құрайды.


1: 2 бұл 10 және 20

30 сағат (1 кредит) – 60 %

6 сағат ОБӨЖ -X

$$X = 6 \times 60 / 30 = 12 \%$$

1 кредитке есептегенде (10 сағаттық аудиториялық жұмыс, 6 сағаттық ОБӨЖ және 14 сағаттық БӨЖ) сабақты өткізудің ең төменгі баллы ОБӨЖ келесідей есептеледі:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы		Е 044/433-2022
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі		Бас. №3 17 беттің 15-ші беті.

6 сағат ОБӨЖ -12 %

1 сағат-х х= 12 x 1/6=2


Бір ОБӨЖ сабағын өткізген кезде жалпы рұқсат беру рейтингінен (ағымдағы бақылаудың 60% - без есептемегенде) 2 балл алынады.

Мысалы: пән бойынша білім алушының ЖЖР 77 % құрайды, ал ол 2 БӨЖ сабағын өткізіп алды.

Содан кейін:

$2 \times 2 = 4$ ұпай - өткізу үшін ОБӨЖ;


$77 - 4 = 73$ -соңғы ЖЖР.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 044/433-2022
Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі	Бас. №3 17 беттің 16-ші беті.


10. БИБЛИОГРАФИЯ

[1]	27.07. 2007ж. № 389-III "Білім туралы" ҚР Заңы. 04.07.2018 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
[2]	ҚР БҒМ 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (20.07.2022 ж. №2 өзгерістермен және толықтырулармен).
[3]	29.11.2007 ж. №583 ҚР БҒМ бұйрығы Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары (23.09.2022 ж. №78 өзгерістермен және толықтырулармен).
[4]	ҚР БҒМ 30.10.2018 ж. № 595 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді іске асыратын ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары»(29.12.2021 ж. №614 өзгерістермен және толықтырулармен).
[5]	ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. № 152 "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" бұйрығы (23.09.2022 № 79 өзгерістермен және толықтырулармен).
[6]	"ОҚМА" АҚ-ның 08.11.2022ж.№3 Сәйкессіздіктерді басқару, түзетуші әрекеттер туралы ережесі
[7]	"Педагог" кәсіби стандарты, 08.06.2017 ж. №133 бұйрыққа қосымша. «Атамекен».


Әзірлеген:

Лауазымы	Аты - жөні	Күні	Қолы
ОӘО басшысы	Долтаева Б.З.	23.09.22	

Тексерген:

Лауазымы	Аты - жөні	Күні	Қолы
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.	07.11.22	

Келісілді:

Лауазымы	Аты - жөні	Күні	Қолы
ОӘЖТЖ жөніндегі проректор	М. Анартаева	07.11.22	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасы бастығы	Кабиштаев О.А.	07.11.22	